

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік одақтардың қызметі және еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 1020 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік одақтардың қызметі және еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік одақтардың қызметі және еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 жылғы 4 шілдеде «Егемен Қазақстан» және 2013 жылғы 5 шілдеде «Казахстанская

правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төреліктің және аралық соттың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының (3 аңы):

174-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Ереуілдерді заңсыз деп тану туралы азаматтық істер сотқа талап арыз түскен күннен бастап он күн мерзімде қаралады және шешіледі.».

2. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының (3 аңы):

1) 1 - баптың 1 - тармағында:

12), 34), 60) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«12) бітімгерлік рәсімдер – ұжымдық еңбек дауын алғашында - бітімгерлік комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде медиация рәсімін қолдана отырып еңбек төрелігінде өз кезегімен қарау;»;

«34) еңбек төрелігі – өз кезегінде бітімгерлік комиссиясында, медиация рәсімін қолдана отырып келісімге қол жеткізілмеген кезде ұжымдық еңбек дауының тараптары еңбек дауын шешу үшін уәкілетті адамдарды тарта отырып құратын, уақытша жұмыс істейтін орган;»;

«60) қызметкерлердің өкілдері – кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары, ал олар болмаған кезде қызметкерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) көпшілік дауыспен таңдалған және қызметкерлер уәкілеттік берген сайланбалы өкілдер;»;

мынадай мазмұндағы 69-1) тармақшамен толықтырылсын:

«69-1) разрядаралық коэффициент – сабақтас тарифтік-біліктілік разрядтардың тарифтік мөлшерлемелері арасындағы арақатынас;»;

2) 15-бап мынадай мазмұндағы 14-1), 25-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін азаматтық қызметшілердің штат санының

лимитін

бекітеді;»;

«25-1) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулығын әзірлеу, бекіту және қайта қарау тәртібін белгілейді;»;

3) 16 - бапта :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді ауыстыру және қайта қарау тәртібін белгілейді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) тиісті қызмет салаларындағы мемлекеттік органдармен келісім бойынша барлық қызмет салаларына бірдей (салааралық) еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

7-2) әкімшілік персоналға жататын қызметкерлердің лауазымдары атауларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарының еңбек жөніндегі үлгілік (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді бекіту тәртібін белгілейді;» ;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

«25-1) еңбек төрелігі туралы үлгі ережені бекітеді;»;

4) 28-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тараптардың деректемелері:

жұмыс беруші - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның тұрақты тұратын мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

жұмыс беруші - заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері, жұмыс беруші - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, жеке сәйкестендіру нөмірі;» ;

5) 31-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы алып тасталсын;

6) 117-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбек жөніндегі үлгі (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша ол белгілеген тәртіппен бекітеді.

Барлық қызмет салалары үшін бірдей (салааралық) еңбек жөніндегі үлгілік нормалар мен нормативтерді тиісті қызмет салаларының мемлекеттік органдармен келісім бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

3. Еңбек жөніндегі үлгі (салалық, салааралық) нормалар мен нормативтерді

ауыстыруды және қайта қарауды оларды бекіткен органдар еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.»;

7) 122-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Еңбекке ақы төлеудің ең төменгі стандарты тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленетін ең төменгі айлық жалақы мөлшері және салалық келісімдерде айқындалатын салалық арттырушы коэффициенттер есебінен айқындалады.»;

8) 138-3 баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

2. Ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеуді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп жүргізеді және оны әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық комиссия бекітеді.»;

9) 138-4 баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салалық біліктілік шеңберін әзірлеуді тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары жүргізеді және оны әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссия бекітеді.»;

10) 171-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Келісу комиссиясының қызметкерлерден құрылатын мүшелері қызметкерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) сайланады. Келісу комиссиясының жұмыс берушіден құрылатын мүшелері жұмыс берушінің актісімен тағайындалады. Келісу комиссиясының мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында көпшілік дауыспен өз құрамынан төраға мен хатшыны сайлайды және тараптардың келісімімен медиаторды тарту туралы мәселе шешіледі.»;

11) 172-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке еңбек дауларын қарау жөнінде органдарға жүгіну мерзімінің өтуі қаралатын жеке еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданысы кезеңінде тоқтатылатұрады.»;

12) 185-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 54-бабы 1-тармағының 1), 3) – 19) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек - баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен, аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді.»;

13) мынадай мазмұндағы 28-1-тараумен толықтырылсын:

«28-1-тарау. Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлерінің еңбегін реттеу ерекшеліктері

257-1-бап. Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлерінің еңбегін реттеу

Кәсіптік одақтың кәсіподақ органдарының құрамына кіретін қызметкерлердің еңбегі «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодексте реттеледі.»;

1 4) 2 6 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әлеуметтік әріптестікті республикалық деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз ету еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жүктеледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Республикалық кәсіптік одақтар бірлестіктері қызметкерлердің республикалық деңгейдегі өкілетті өкілдері болып табылады.»;

1 5) 2 6 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әлеуметтік әріптестікті салалық деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз ету тиісті қызмет салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салалық кәсіптік одақтар қызметкерлердің салалық деңгейдегі өкілетті өкілдері б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

1 6) 2 6 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Әлеуметтік әріптестікті өңірлік деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз ету тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Аумақтық кәсіптік одақтар бірлестіктері қызметкерлердің өңірлік деңгейдегі өкілетті өкілдері болып табылады.»;

17) 268-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«268-бап. Республикалық, салалық, өңірлік комиссиялардың негізгі мақсаттары, міндеттері мен функциялары

1. Комиссиялардың негізгі мақсаттары әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестік тараптарының мүдделерін келісу болып табылады.

2. Комиссиялардың негізгі міндеттері:

1) әлеуметтік және экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша әлеуметтік әріптестік тараптарының ұстанымдарын келісу;

2) келісімдерді әзірлеу және жасасу;

3) келісімдерді іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, келісу және бекіту;

4) халықаралық еңбек нормаларын ратификациялауға және қолдануға байланысты мәселелер бойынша консультациялар өткізу және ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссиялар өздері бекіткен ережелерге және жұмыс жоспарларына сәйкес жұмыс істейді. Комиссия отырыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі.

4. Республикалық комиссияның функциялары:

- 1) әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы заң жобаларын қарау (әлеуметтік әріптестік тараптарының бастамасы бойынша) және олар бойынша ұсынымдар шығару;
- 2) әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қабылдау туралы атқарушы билік органдарына ұсыныстар енгізу;
- 3) ұлттық біліктілік шеңберін бекіту;
- 4) әлеуметтік-еңбек дауларының және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және келісу;
- 5) жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және жұмыссыздық деңгейін қысқартуға бағытталған шараларды келісу;
- 6) Бас келісім жасасу және оның орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
- 7) салалық және өңірлік деңгейлерде келісімдер әзірлеу және қабылдау үшін Байқаушылар тобын құру;
- 8) республикалық комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

5. Салалық комиссиялардың функциялары:

- 1) тиісті саланың әлеуметтік әріптестік тараптарының Бас келісімді, республикалық комиссия шешімдерін орындауын қамтамасыз ету;
- 2) тиісті саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын (әлеуметтік әріптестік тараптарының бастамасы бойынша) қарау;
- 3) әлеуметтік-еңбек дауларының және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және келісу;
- 4) жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және жұмыссыздық деңгейін қысқартуға бағытталған шараларды келісу;
- 5) салалық келісім жасау және оның орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
- 6) саладағы еңбекақы төлеу, оның ішінде: саладағы ең төменгі тарифтік мөлшерлемені; разрядаралық коэффициенттердің шекті мәнін; арттырушы салалық коэффициенттерді; ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге үстемеақы белгілеудің бірыңғай тәртібін белгілеу жүйесінің негізгі қағидаттарын әзірлеу;
- 7) салалық біліктілік шеңберін бекіту;
- 8) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде кеңес құру;
- 9) ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу үшін Еңбек төрелігі жөнінде кеңес құру;
- 10) келісімдер, ұжымдық шарттар әзірлеу және қабылдау үшін Байқаушылар тобын құру;
- 11) Кадрлық әлеуетті және біліктілікті дамыту жөнінде үйлестіру орталығын құру;
- 12) салалық комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға

бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

6. Өңірлік комиссияның функциялары:

1) салалық келісімдердің әлеуметтік әріптестік тараптарының Бас келісімді, республикалық және салалық комиссия шешімдерін орындауын қамтамасыз ету;

2) өңірдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын (әлеуметтік әріптестік тараптарының бастамасы бойынша) қарау;

3) әлеуметтік-еңбек дауларының және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және келісу;

4) жұмыс берушілерге және қызметкерлердің өкілдеріне еңбек дауларын реттеуге жәрдемдесу;

5) жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және жұмыссыздық деңгейін қысқартуға бағытталған шараларды келісу;

6) Өңірлік келісім жасасу және оның орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

7) ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу үшін Еңбек төрелігі жөнінде келісімдерді қару;

8) өңірлік комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

18) 276-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«276-бап. Келісімдердің мазмұны

1. Келісімдер:

1) қолданылу мерзімі туралы;

2) орындалуын бақылау тәртібі туралы;

3) келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы;

4) тараптардың өздеріне жүктелген міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы жауаптылығы туралы ережелерді қамтуға тиіс.

2. Бас келісімнің мазмұнын республикалық комиссия әлеуметтік әріптестіктің барлық тараптары немесе солардың біреуі ұсынған Бас келісімнің жобаларын негізге ала отырып айқындайды.

3. Салалық және өңірлік келісімдердің мазмұнын салалық және өңірлік комиссиялар әлеуметтік әріптестіктің барлық тараптары немесе солардың біреуі ұсынған келісімдер жобаларының негізінде айқындайды.

4. Бас келісімде:

1) әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы заң жобаларын қарау тәртібі туралы;

2) әлеуметтік-еңбек дауларының және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар туралы;

3) еңбек нарығын дамыту, халықты тиімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу туралы;

4) еңбек жағдайлары және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік туралы;

5) әлеуметтік әріптестікті және диалогты дамыту туралы;

6) салалық және өңірлік деңгейлерде келісімдерді әзірлеу және қабылдау үшін Байқаушылар тобын құру және оның қызмет тәртібі туралы ережелер көзделуге тиіс.

5. Салалық келісімдерде:

1) тиісті саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау тәртібі туралы;

2) салада әлеуметтік әріптестікті және диалогты дамыту туралы;

3) әлеуметтік-еңбек дауларының және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар туралы;

4) саладағы еңбекақы төлеу, оның ішінде: саладағы ең төменгі тарифтік мөлшерлемені (жалақыны); разрядаралық коэффициенттердің шекті мәнін; арттырушы салалық коэффициенттерді; ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге үстемеақы белгілеудің бірыңғай тәртібін белгілеу жүйесінің негізгі қағидаттары туралы;

5) Салалық біліктілік шеңберін бекіту тәртібі туралы;

6) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде кеңес құру және оның қызмет тәртібі туралы;

7) ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу үшін Еңбек төрелігі жөнінде кеңес құру және оның қызмет тәртібі туралы;

8) келісімдер, ұжымдық шарттар әзірлеу және қабылдау үшін Байқаушылар тобын құру және оның қызмет тәртібі туралы;

9) Кадрлық әлеуетті және біліктілікті дамыту жөнінде үйлестіру орталығын құру және оның қызмет тәртібі туралы ережелер көзделуге тиіс.

6. Өңірлік келісімдерде:

1) өңірде әлеуметтік әріптестікті және диалогты дамыту туралы;

2) өңірдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау тәртібі туралы;

3) әлеуметтік-еңбек дауларының және ереуілдердің алдын алу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар туралы;

4) жұмыс берушілерге және қызметкерлердің өкілдеріне еңбек дауларын реттеуге жәрдемдесу туралы;

5) жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге және жұмыссыздық деңгейін қысқартуға бағытталған шараларды қабылдау туралы;

6) ұжымдық еңбек дауларының алдын алу және шешу үшін Еңбек төрелігі жөнінде кеңес құру және оның қызмет тәртібі туралы ережелер көзделуге тиіс.

7. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен салыстырғанда қызметкердің жағдайын нашарлататын келісімнің ережелері жарамсыз деп танылады және қолданылмауға тиіс.»;

19) 278-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«278-бап. Келісімдердің қолданылуы

1. Бас келісімнің күші барлық деңгейдегі атқарушы органдарға, жұмыс берушілерге, қызметкерлерге және олардың өкілдеріне қолданылады.

2. Салалық келісімнің күші тиісті саладағы атқарушы органдарға, жұмыс берушілерге, қызметкерлерге және олардың өкілдеріне қолданылады.

3. Өңірлік келісімнің күші тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органдарына, жұмыс берушілеріне, қызметкерлеріне және олардың өкілдеріне қолданылады.

4. Келісімдер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, мүлкінің меншік иелері, құрылтайшылары (қатысушылары) немесе акционерлері шетелдік жеке немесе заңды тұлғалар не шетелдік қатысуы бар ұйымдар болып табылатын ұйымдарға да қолданылады.

5. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган республикалық деңгейде, тиісті қызмет саласының уәкілетті мемлекеттік органдары салалық деңгейде және жергілікті атқарушы органдар өңірлік деңгейде келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде келісімді ресми жариялауға міндетті.»;

2 0) 2 8 2 - б а п т а :

2-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұйымда қызметкерлердің бірнеше өкілдері болған кезде комиссияға қатысу және ұжымдық шартқа қол қою үшін олар біртұтас өкілді орган құрады. Бұл ретте олардың әрқайсысына өздері өкілдік ететін қызметкерлердің санына қарай пропорционалды өкілдік ету қағидаты негізінде келіссөздер жүргізу жөніндегі біртұтас органның құрамында өкілдік ету құқығы беріледі.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Тараптардың өкілдері қызметкерлерге ұжымдық шарттың орындалу барысы туралы жарты жылда кемінде бір рет хабарлап отыруға міндетті.»;

2 1) 2 8 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұжымдық шарттың мазмұны мен құрылымын тараптар жасалған Бас, салалық және өңірлік келісімдерге сәйкес айқындайды. Ұжымдық шартқа:»;

б) тармақтағы «жақсарту туралы ережелер енгізілуге тиіс.» деген сөздер «жақсарту туралы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) қызметкерлерге Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздерін оқыту жөніндегі іс-шаралар туралы;

9) ұжымдық шарттың орындалуын бақылау туралы ережелер енгізілуге тиіс.»;

2-тармақтың 12), 16) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«12) ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы;

16) ерікті зейнетақы жарналары туралы;»;
22) 292-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«292-бап. Бітімгерлік комиссиясы

1. Бітімгерлік комиссиясын тараптар жұмыс беруші, жұмыс берушілердің бірлестігі (олардың өкілдері) өз шешімін қызметкерлерге (олардың өкілдеріне) хабарлаған не хабарламаған күннен бастап не ұжымдық келіссөздер барысында келіспеушіліктер хаттамасы жасалған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде құрады.

2. Бітімгерлік комиссиясы ұжымдық еңбек дауы тараптары өкілдерінен тепе-тең негізде құрылады. Бітімгерлік комиссиясын құру туралы шешім жұмыс берушінің актісімен және қызметкерлер өкілдерінің шешімімен ресімделеді.

Жұмыс беруші, жұмыс берушілердің бірлестігі бітімгерлік комиссиясының жұмысы үшін қажетті жағдайларды жасайды.

3. Бітімгерлік комиссиясы құрылған күнінен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей қызметкерлердің (олардың өкілдерінің) талаптарын қарайды. Бітімгерлік комиссиясының талаптарды қарау, көрсетілген мерзімді ұзарту тәртібі тараптардың келісімімен жүзеге асырылады және хаттамамен ресімделеді.

4. Бітімгерлік комиссиясы бітімгерлік рәсімі барысында қызметкерлермен (олардың өкілдерімен), жұмыс берушімен, жұмыс берушілер бірлестігімен (олардың өкілдерімен), мемлекеттік органдармен және өзге де мүдделі тұлғалармен консультациялар жүргізеді.

5. Комиссияның шешімі тараптар келісімінің негізінде қабылданады, тараптардың өкілдері қол қоятын хаттамамен ресімделеді, оның тараптар үшін міндетті күші болады және бітімгерлік комиссиясының шешімімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде орындалады.

6. Бітімгерлік комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал ұжымдық еңбек дауын қарау Қазақстан Республикасының медиация туралы заңнамасына сәйкес медиация рәсімі қолданыла отырып жүргізіледі.

7. Медиация рәсімі қолданыла отырып, ұжымдық еңбек дауын реттеу туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде дауды шешу үшін еңбек төрелігі құрылады.»;

23) 293-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«293-бап. Еңбек төрелігі

1. Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары медиация тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық, салалық немесе өңірлік комиссия мүшелерінің қатысуымен құрады.

2. Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен белгіленеді. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан құрылуға тиіс. Еңбек төрелігінің құрамына қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттік еңбек инспекторы, мамандар, сарапшылар мен басқа да адамдар енгізіледі.

3. Еңбек төрелігінің төрағасын тараптар төрелік мүшелері қатарынан сайлайды.

4. Еңбек төрелігі ұжымдық еңбек дауын ұжымдық еңбек дауы тараптары өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен, ал қажет болғанда басқа да мүдделі адамдар өкілдерінің де қатысуымен қарайды.

5. Дауды қарау рәсімін еңбек төрелігі айқындайды және ұжымдық еңбек дауы тараптарының назарына жеткізеді.

6. Еңбек төрелігінің шешімі құрылған күнінен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмей, төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Еңбек төрелігі мүшелерінің дауыстары тең бөлінген кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешім дәлелді әрі жазбаша нысанда болуға және оған төрелік мүшелерінің барлығы қол қоюға тиіс.

7. Медиация рәсімін қолдана отырып ұжымдық еңбек дауы тараптарының келісіміне қол жеткізілмеген кезде, заң бойынша ереуілдер өткізу тыйым салынған немесе шектелген ұйымдарда, еңбек төрелігі құрылуы міндетті.

8. Ұжымдық еңбек дауының тараптары еңбек төрелігінің шешімін орындауға міндетті болады.» ;

24) 295-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұжымдық еңбек дауының тараптары арасында дауды делдалдың (медиатордың) қатысуымен немесе онсыз шешу туралы келісімге қол жеткізілген барлық жағдайларда, аяқталмай қалған бітімгерлік рәсімдері тоқтатылады, ал тараптар арасындағы келісімнің талаптары дауды шешудің талаптары деп есептеледі.

Ұжымдық еңбек дауының тараптары қол жеткізген келісімдер жазбаша нысанда ресімделеді.» ;

25) 297-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бітімгерлік комиссиясы, медиация рәсімін қолдана отырып, еңбек төрелігі реттей алмаған ұжымдық еңбек дауындағы келіспеушіліктер жазбаша нысанда тараптардың назарына жеткізілуге тиіс.» ;

26) 328-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылаудың алдын алу-профилактикалық сипаттағы өзге де нысандары бақылау субъектісіне бару нысанында не қажетті ақпаратты (құжаттарды, түсініктемелерді) осы Кодекстің 328-1, 328-2-баптарына сәйкес сұрату арқылы жүзеге асырылады .

Бақылау субъектілеріне бару критерийлері еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітіледі және көрсетілген мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында

ж а р и я л а н а д ы . » ;

27) мынадай мазмұндағы 328-1 және 328-2-баптармен толықтырылсын:

«328-1-бап. Бақылау субъектісіне баруды жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне бару кезінде жұмыс берушіні алдын ала хабардар ету және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеу талап е т і л м е й д і .

2. Мемлекеттік еңбек инспекторы бақылау субъектісіне бару кезінде:

1) қ ы з м е т т і к к у ә л і г і н ;

2) қажет болған кезде құзыретті органның режимдік объектілерге баруға арналған р ұ қ с а т ы н ;

3) қажет болған кезде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілген объектілерге бару үшін қажетті болатын медициналық р ұ қ с а т т а м а н ы к ө р с е т у г е м і н д е т т і .

3. Бақылау субъектілері мемлекеттік еңбек инспекторы баруды жүргізу кезінде:

1) баратын бақылау субъектісінің аумағына және үй-жайына мемлекеттік еңбек инспекторының кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) барудың нәтижелері туралы актіге қосу үшін қағаз және электронды жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін беруге, сондай-ақ барудың міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуіне мүмкіндік беруге;

3) бару нәтижелері туралы актінің екінші данасында оны алғаны туралы белгі ж а с а у ғ а ;

4) объектіге баруды жүргізу үшін келген адамдардың осы объекті үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік факторлар әсерінен қауіпсіздігін қ а м т а м а с ы з е т у г е м і н д е т т і .

4. Мемлекеттік еңбек инспекторының кіруіне кедергі келтірілген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға баруды жүзеге асыратын мемлекеттік еңбек инспекторы және бақылау субъектісінің уәкілетті адамы қол қояды.

5. Бару ішкі еңбек тәртіптемесінің қағидаларында белгіленген бақылау субъектісінің жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

6. Бақылау субъектісіне бару мерзімі бір күннен аспауға тиіс.

7. Бақылау субъектісіне бару нәтижелері бойынша мемлекеттік еңбек инспекторы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғамастан, бірақ бақылау субъектіне оны жою тәртібін міндетті түрде түсіндіре отырып, екі данада бару нәтижелері туралы акті ж а с а й д ы .

Бару нәтижелері туралы актіде:

1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау органының атауы;

3) (оларға) баруды жүргізген мемлекеттік еңбек инспекторының (немесе

бірнешеуінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

4) баратын бақылау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), баруды жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің л а у а з ы м ы ;

5) баруды жүргізу күні, орны және кезеңі;

6) барудың нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың с и п а т ы т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

7) баратын бақылау субъектісі өкілінің, сондай-ақ баруды жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартуы көрсетіледі;

8) баруды жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы қойылады.

8. Бару нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда заңды тұлғаның басшысы немесе жеке тұлға не олардың өкілдері оларды ж а з б а ш а т ү р д е б а я н д а й д ы .

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар баруды жүргізудің нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол туралы тиісті белгі жасалады.

9. Бару нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да іс-қимылдар жасау үшін заңды тұлғаның басшысына немесе жеке тұлғаға не олардың өкілдеріне т а п с ы р ы л а д ы .

10. Бару нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша бақылау субъектісі үш жұмыс күнінен кешіктірмей анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар т у р а л ы ш а р а л а р а қ п а р а т б е р у г е м і н д е т т і .

11. Мемлекеттік еңбек инспекторлары субъектілерге баруды есепке алу кітабында тектерін, лауазымдарын және актіде жазылған деректерді көрсете отырып, жүргізілетін іс-әрекеттер т у р а л ы ж а з б а ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

12. Бару жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылық болмаған жағдайда бару нәтижелері туралы актіге тиісті жазба ж а с а л а д ы .

328-2-бап. Ведомстволық есепке алу

1. Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, бақылау субъектілеріне барудың міндетті ведомстволық есептілігінің нысандарын әзірлейді және бекітеді.

2. Еңбек жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектілеріне барудың саны мен қабылданған шаралардың ведомстволық есебін тұрақты және үздіксіз негізде жү р г і з у г е м і н д е т т і .

Бақылау субъектілеріне барудың ведомстволық есептілігінің жиынтық деректері мемлекеттік еңбек инспекциясының интернет-ресурсында орналастырылады.».

28) 340-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Жұмыс берушілер анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторға осы талапты қараудың нәтижелері және қабылданған шаралар туралы х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

Еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор осы Кодекстің 341-бабында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маманмен), мемлекеттік еңбек инспекциясымен өзара іс-қимыл жасайды.»;

29) 341-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияның сақталуын ескере отырып, қызметкерлердің жұмыс орындарына к і р у ғ е ; » .

3. «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 8-9, 234-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 8, 44-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 21-22, 124-құжат):

10-баптың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылады.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке тұлғалар және (немесе) заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады, олар құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақырады, онда жарғы қабылданады және басшы органдар қалыптастырылады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей м і н д е т т е р д і а т қ а р а д ы .

Кәсіптік одақ кәсіптік одақтың құрылтайшысы болуы мүмкін.»;

11-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық бірлестіктердің мүшелері (қатысушылары) бола алады. Саяси партиялардан басқа, қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында оларға шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың мүшелігі (қатысуы) көзделуі мүмкін.

Кәсіптік одақтар кәсіптік одақтардың мүшелері (қатысушылары) болуы мүмкін.».

4. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142 Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж.,

№ 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 жылғы 22 маусымда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен камсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлік палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

19-баптың 2-тармағының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен, сондай-ақ саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асады.

Жеке және (немесе) саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары болып табылады, олар құрылтай съезін (конференция, жиналыс) шақырады, онда жарғы қабылданады және басшы органдарды қалыптастырады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді а т қ а р а д ы .

Кәсіптік одақтар кәсіптік одақтардың құрылтайшылары болуы мүмкін.».

5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; 2013 ж., № 8, 50-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; 2013 жылғы 11 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлік палатасы мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі
Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:
«29) әлеуметтік шиеленіс және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне
мониторингті жүзеге асырады.»;

2) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:
«26) әлеуметтік шиеленіс және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне
мониторингті жүзеге асырады.».

6. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»
2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан
Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11,
102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27
-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92,
95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121- құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-
қ ұ ж а т) ;

1) 10-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген;»;

2) 18-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда мемлекеттік
еңбек инспекциясының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы
талаптардың сақталуы бойынша жоспардан тыс тексерулерін, салық қызметі органдары
Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асыратын қарсы
тексерулерді қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы акт құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда міндетті түрде тіркеледі.

Тексерулерді тағайындау туралы актіні тіркеу есепке алу сипатында болады және
тәуекелдерді басқарудың ведомстволық жүйелерін қалыптастыру мен жетілдіру үшін
п а й д а л а н ы л а д ы .

Тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеудің болуы осындай тексерудің
заңдылығына дәлел болып табылмайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері бөлінісінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына
қауіп төнген жағдайда, мемлекеттік еңбек инспекциясының еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуы бойынша жоспардан тыс
тексерулерін, салық қызметі органдары жүзеге асыратын қарсы тексерулерді
тағайындау туралы актілер туралы жалпы мәліметтер тоқсан сайын құқықтық
статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға беріледі.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК